

## "Қожа Ахмет Ясауи" ордені туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 30 наурыздағы № 1218 Жарлығы.

Отандық ғылым мен мәдениеттің дамуына айрықша үлес қосқан, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық қызметте зор еңбек сіңірген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік награда - "Қожа Ахмет Ясауи" ордені тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
  - 1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізуді қамтамасыз етсін;
  - 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Қожа Ахмет Ясауи" орденінің эскизін әзірлесін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*